

Аудан әкімдігінің бұрын қабылданған 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 132/4 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 117/3 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес Ертіс ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ/ЕТЕДІ**:

1. Аудан әкімдігінің бұрын қабылданған 2014 жылғы 23 сәуірдегі "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" № 132/4 қаулысының (тіркеу тізілімінде мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерде № 3795 болып тіркелген, 2014 жылғы 17 мамырдағы № 18 "Ертіс Нұры" және 2014 жылғы 17 мамырдағы № 18 "Иртыш" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

Аудан әкімі

В. Дубовицкий